



ҚАУЛЫ

28.04.2023

47

№

Ақтау қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

г.о.р.: Ақтө

**Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын
іске асыру бойынша әлеуметтік-экономикалық міндеттердің
тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік – жекешелік әріптестік туралы» заңдарына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің міндетін атқарушы 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығына сәйкес Маңғыстау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру бойынша әлеуметтік-экономикалық міндеттердің тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Р.Б. Бектемірге жүктелсін.

Маңғыстау облысы әкімінің
міндетін атқарушы



Ж. Қарағаев

002511

**Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру бойынша
әлеуметтік-экономикалық міндеттердің ТІЗБЕСІ**

1. Білім беру саласы.

1.1. Облыс тұрғындары үшін барлық деңгейдегі білім сапасы мен қолжетімділігін арттыру;

1.2. Даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алу кезеңінде білім беру қызметтеріне қолжетімдік жағдайларын жақсарту;

1.3. Материалдық-техникалық база деңгейін арттыру және білім беру жүйесінің инфрақұрылымын дамыту;

1.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен білім алушылардың жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұйымдастырады;

2. Денсаулық сақтау саласы.

2.1. Жоғары технологиялық, медициналық көмекті, жедел жәрдемді, оның ішінде жедел мамандандырылған көмекті, медициналық көмекті, медициналық эвакуацияны қоса алғанда, мамандандырылған көрсетудің тиімділігін арттыру;

2.2. Диагностика, алдын алу және емдеудің инновациялық әдістерін дамыту және енгізу;

2.3. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) шегінде тегін медициналық көмек алуын қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

2.4. Дәрілік заттардың қолжетімділігі мен сапасын арттыру;

2.5. Шалғай жерлерде орналасқан елді мекендердің тұрғындары үшін медициналық ұйымдардың аумақтық қолжетімділігін қамтамасыз ету;

2.6. ДДҰ (дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы) әлеуметтік маңызы бар ауруларды емдеуде өмірлік маңызды деп айқындаған дәрілік заттарды оқшаулауға өздерінің инвестициялық бағдарламаларын бағыттайтын отандық өндірушілерді қолдау;

2.7. Денсаулық сақтау саласында цифрландыруды енгізуді және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

3. Дене шынықтыру және спорт саласы.

3.1. Дене шынықтырумен және спортпен айналысатын адамдардың, сондай-ақ дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шаралардың қатысушылары мен көрермендерінің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу орындарында қоғамдық тәртіпті сақтау;

3.2. Ауылдық жерлерде балаларға, жасөспірімдерге және жастарға арналған әртүрлі спорт түрлері бойынша спорт секциялары мен клубтар желісін кеңейту;

3.3. Өңірлермен өзара іс-қимыл бойынша бұқаралық спорт нысандарының қолжетімділігін кеңейту, клуб секцияларының желісін дамыту.

4. Құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласы.

4.1. Өңірде инфрақұрылымды және тұрғын үй құрылысын дамыту.

5. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және табиғатты пайдалану саласы.

5.1. Тұрғын үй қатынастары, сумен жабдықтау және су бұру, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру салаларында инфрақұрылымды іске асыру.

5.2. Көше жарықтандыру желілерін жаңғырту және пайдалану;

5.3. Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру, санитарлық тазартуды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру.

6. Қоғамдық қауіпсіздік саласы.

6.1. Қоғамдық тәртіпті сақтау және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

6.2. Бейнебақылау камераларын полиция департаменті жедел басқару орталығының бірыңғай жүйесіне біріктіру.

7. Көлік және коммуникация саласы.

7.1. Жергілікті деңгейде жолаушылар көлігі жұмысын ұйымдастыру және жолаушылар көлігі инфрақұрылымын одан әрі дамыту;

7.2. Экономиканың және халықтың автомобиль тасымалдарына және өзге де жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге деген қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау.